

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

www.philips.com/welcome

OTT2000

Сұрағыңыз
бар ма? Philips
компаниясына
хабарласыңыз



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1 Қауіпсіздік	2
Қауіпсіздік	2

2 Классикалық микродыбыс жүйеңіз	4
Кіріспе	4
Қораптың құрамы	4
Өнімге шолу	5

3 Жұмысты бастау	8
Қуатты қосу	8
Қашықтан басқару құралын дайындау	8
Қосу	8
Сағатты орнату	9

4 Ойнату	10
Диск ойнату	10
Винил жазбасын ойнату	11
USB құрылғысынан ойнату	12
Bluetooth бар құрылғыдан ойнату	12
USB құрылғысына жазу	13

5 FM радио станцияларын тыңдау	15
Радиостанцияны автоматты түрде іздеу	15
Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау	15
Радио станцияларды қолмен бағдарламалау	15
Стерео/моно хабар таратуды таңдау	16

6 Сыртқы құрылғыны тыңдау	17
----------------------------------	----

7 Басқа мүмкіндіктер	18
Ұйқы таймерін орнату	18
Оятқыш таймерін орнату	18
Дыбыс деңгейін реттеу	18

8 Өнім туралы ақпарат	19
Ерекшеліктер	19
USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер	20
Қолдау көрсетілетін MP3 дис форматтары	20

9 Ақаулықтарды жою	21
Жалпы ақпарат	21
Bluetooth қосылымы туралы	21

10 Ескерту	23
Сәйкестік	23
Өнім күтімі	23
Қоршаған ортаны күту	23
Өнімде көрсетілген тауар белгісі	24
Авторлық құқықтары	24

1 Қауіпсіздік

Өнімді қолданар алдында барлық нұсқауларды оқып, түсініп алған жөн. Нұсқауларды орындау қателігінен ақаулық туындаса, кепілдік қолданылмайды.

Қауіпсіздік



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Бұл құрылғыдағы лазер сәулесіне ешқашан қарамаңыз.
- Құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаныңыз.
- Құрылғыны қуат көзінен ажырату үшін қуат сымына, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.

- Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.
- Желдету үшін өнім айналасында жеткілікті бос орын бар екендігін тексеріңіз.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымша/қосалқы құралдарды қолданыңыз.

Электр тоғының соғу немесе өрт шығу қаупі бар!

- Өнімге немесе оның қосалқы құралдарына жаңбыр немесе су тимеуі керек. Өнімнің жанына ваза сияқты сұйықтық құйылған ыдыстарды қоймаңыз. Өнімге немесе оның ішіне

сұйықтықтар төгіліп кетсе, оны дереу розеткадан ажыратыңыз. Өнімді пайдаланбастан бұрын оны тексеріп алу үшін тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

- Өнімді және қосалқы құралдарды оттың немесе басқа қызу көздерінің жанына, соның ішінде тікелей күн сәулесіне қоймаңыз.
- Өнімнің желдеткіш тесіктеріне немесе басқа саңылауларына ештеңе салмаңыз.
- Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.
- Найзағайлы бораннан бұрын өнімді розеткадан ажыратып қойыңыз.
- Электр шнурын ажыратқанда, ешқашан кабелінен емес, әрдайым ашасынан тартып суырыңыз.
- Өнімнің сыртқы қабатын алуға болмайды.

Қысқа жүйе немесе өрт қаупі!

- Өнімді қуат көзіне жалғамай тұрып, электр кернеуі өнімнің артында жазылған мәнге сәйкес келетінін тексеріңіз. Егер кернеу басқа болса, өнімді розеткаға қосушы болмаңыз.
- Өнімге ешқашан жаңбырдың, күн сәулесінің немесе артық қызудың әсерін тигізбеңіз.
- Қуат розеткасына қатты күш салмаңыз. Бос тағылған қуат розеткасы күйге немесе өртке себеп болуы мүмкін.

Жарақаттану немесе өнімге зақым келу қаупі бар!

- Өнімге сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс!
- Өнімнің үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- Өнімді немесе басқа заттарды қуат сымдарының немесе электр жабдықтарының үстіне қоймаңыз.
- Өнім 5 °C градустан төмен температурада тасымалданған болса, оны қаптамасынан шығарыңыз да,

розеткаға жалғамай тұрып, бөлме температурасына дейін жылынуын күтіңіз.

- Тек өндіруші көрсеткен қосымша/қосалқы құралдарды қолданыңыз.

Қатты қызып кету қаупі бар!

- Бұл өнімді тар жерде орнатуға болмайды. Желдетілуі үшін, өнімнің айналасында міндетті түрде кемінде 10 сантиметр орын қалдырыңыз.
- Өнімдегі желдеткіш тесіктердің перделермен немесе басқа заттармен жабылып қалмауын қадағалаңыз.

Тиынға ұқсас батареяны жұтып қою қаупі бар!

- Құралда жұтуға болатын тиынға/түймеге ұқсас батарея болуы мүмкін. Барлық жағдайда батареяны балалардан аулақ ұстаңыз! Жұтылған жағдайда батарея ауыр жарақатқа немесе өлімге себеп болуы мүмкін. Жұтылғаннан кейін екі сағат ішінде ішкі мүшелердің күйіп қалу қаупі бар.
- Батареяны жұтып қойды немесе денесінің басқа жеріне кіріп кетті деп күдіктенсеңіз, дереу дәрігерге қаралыңыз.
- Батареяны ауыстыру кезінде, барлық жаңа және ескі батареяларды балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз. Батареяны ауыстырғаннан кейін, батарея бөлімінің жақсылап жабылғанын тексеріңіз.
- Егер батарея бөлімін жақсылап жабу мүмкін болмаса, өнімді қолданбаңыз. Балалардың қолы жетпейтін жерге қойып, өндірушіге хабарласыңыз.



Ескертпе

- Түр тақтасы өнімнің артқы жағында орналасқан.

2 Классикалық микродыбыс жүйеңіз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

Кіріспе

Осы өніммен мына әрекеттерді орындауға болады:


- винилді күйтабақтарды тыңдау,
- FM радиостанцияларын тыңдау,
- аудио-CD дискілерді тыңдау,
- **AUDIO-IN** ұяшығы арқылы сыртқы құрылғыдан дыбысты тыңдау,
- Bluetooth қосылымы арқылы сыртқы құрылғыдан дыбысты тыңдау.
- USB сақтау құрылғысынан аудиожазбаларды тыңдау.

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп анықтаңыз:

- ① Негізгі бөлік
- ② Қысқаша пайдаланушы нұсқаулығы
- ③ Қауіпсіздік және ескертпе парағы
- ④ АТ қуат сымы
- ⑤ Қашықтан басқару пульті

Өнімге шолу



Құрылғыға шолу

① Винилді күйтабақ

② ▲

- Диск бөлімін ашу/жабу.

③ ↵ REC

- Диск/FM/Phono/AUX/Bluetooth ішіндегі трэкті USB сақтау жадына жазу.

④ ⏻

- Құрылғыны қосу немесе «Күту» режиміне ауыстыру.

⑤ SOURCE түймесі


- Көзді таңдау: CD, USB, FM, Phono/Aux немесе Bluetooth.

⑥ AUDIO IN

- Сыртқы дыбыс құрылғысын қосу.


⑦ 🎧

- Құлаққап ұясы.

- 8 
 - USB ұясы.
- 9 **Диск бөлімі**
- 10 **Дисплейлі панель**
 - Ағымдағы күйді көрсету.
- 11 **ИК сенсоры**
 - Қашықтан басқару құралынан сигналды анықтайды (әрқашан қашықтан басқару құралын ИК сенсорына қарай бағыттаңыз).
- 12 **◀◀ / ▶▶**
 - Алдыңғы/келесі жолға өту.
 - Радиостансаны реттеу.
 - Диск/USB ішінде іздеу үшін пернені басып тұрыңыз.
 - Уақытты реттеу.
- 13 **▶**
 - Ойнатуды бастау немесе уақытша тоқтату.
- 14 **VOLUME**
 - Дыбыс деңгейін реттеу үшін түймені бұраныз.
- 15 **+/-**
 - Алдыңғы/келесі альбомға өтіңіз.
 - Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.
- 16 **■**
 - Ойнатуды тоқтату.
 - Бағдарламаны өшіру.
- 17 **қуат көрсеткіші**
 - Құрылғы күту режимінде болған кезде жанады.
- 18 **Тонарм бекіткіші**
- 19 **Автоматты тоқтатуды таңдағыш**
- 20 **Жылдамдық таңдағыш**
- 21 **Тонарм**
- 22 **Bluetooth көрсеткіші**
 - Құрылғы байланысты жою немесе байланысу режимінде жыпылықтайды.

- Құрылғы Bluetooth үйлесімді құрылғымен қосылған кезде жанады.

Қашықтан басқару құралына шолу



- 1 **SOURCE**
 - Кезді таңдау: CD, USB, FM, Phono/ Aux немесе Bluetooth.
- 2 **⏻**
 - Құрылғыны қосу немесе «Күту» режиміне ауыстыру.
- 3 **◀◀ / ▶▶**
 - Алдыңғы/келесі жолға өту.
 - Радиостансаны реттеу.
 - Диск/USB ішінде іздеу үшін пернені басып тұрыңыз.
 - Уақытты реттеу.
- 4 **▲ / ▼**
 - Алдыңғы/келесі альбомға өтіңіз.
 - Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.
 - Уақытты реттеу.

⑤ CLOCK/PROG

- Құту режимінде сағатты қойыңыз.
- Дискідегі/USB ресурсындағы тректерді бағдарламаға енгізіңіз.
- Радио станцияларды бағдарламалау.

⑥ SLEEP/TIMER

- Ұйқы таймерін орнатыңыз.
- Оятар таймерін орнатыңыз.

⑦ ↵ REC

- Диск/FM/Phono/AUX/Bluetooth ішіндегі трэкті USB сақтау жадына жазу.

⑧ FIND/FILE CUT

- Трэктерді диск/USB ішінен аты не қалтаның атауы бойынша іздеңіз.
- Phono/AUX/Bluetooth көзінен аудиофайлдарды USB сақтау жадына жазу кезінде аудиофайлды кию үшін басыңыз.

⑨ VOL +/-

- Дыбыс деңгейін жоғарылату немесе төмендету.

⑩ 🗨

- Дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру.

⑪ INFO/DELETE

- Диск/USB көзінде .mp3 файлдарының ойнату туралы ақпаратын көрсету үшін басыңыз.
- USB сақтау құрылғысынан файлдарды жойыңыз.

⑫ PLAY MODE/FM/ST/MO

- Диск/USB көзінде қайта ойнату режимін таңдаңыз.
- Диск/USB көзінде кездейсоқ ретпен ойнату режимін таңдаңыз.
- FM көзінде стереофоникалық немесе монофоникалық жазбаларды ойнатуды таңдаңыз.

⑬ ■

- Ойнатуды тоқтату.

⑭ ▶||


- Ойнатуды бастау немесе уақытша тоқтату.

⑮ DISPLAY

- Кез келген ресурс режимінде уақытты көрсету.


3 Жұмысты бастау

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.



Қуатты қосу

АТ қуат сымын **AC MAIN**- ұяшығына, содан кейін розеткаға жалғаңыз.



Қашықтан басқару құралын дайындау



Ескерту

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.
- Батарея дұрыс ауыстырылмаса жарылу қаупі болады. Дәл сондай немесе соған тең түрімен ауыстырыңыз.



Ескертпе

- Қашықтан басқару құралындағы қандай да бір функция түймесін баспас бұрын, алдымен негізгі құрылғымен емес, қашықтан басқару құралымен тиісті сигнал көзін таңдаңыз.
- Қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт бойы қолданылмайтын болса, батареясын алыңыз.

Алғаш қолдану үшін:

- 1 Қашықтан басқару құралының батареясын іске қосу үшін қорғаныш тілшікті алыңыз.

Қашықтан басқару құралының батареясын ауыстыру үшін:

- 1 Батарея бөлімін ашыңыз.
- 2 Бір CR2032 батареясын көрсетілгендей полюстерін дұрыс қаратып (+/-) салыңыз.
- 3 Батарея бөлімін жабыңыз.

Қосу

⦿ түймесін басыңыз.

↳ Өнім соңғы таңдалған көзге ауысады.

- Өнімді күту режиміне ауыстыру үшін, ⦿ түймесін қайта-қайта басыңыз.


Сағатты орнату

- 1 Күту режимінде **CLOCK/PROG** түймесін басыңыз.
- 2 Уақыт пішімін таңдау үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз, одан кейін растау үшін **CLOCK/PROG** түймесін басыңыз.
↳ Сағат цифрлары жыпылықтайды.
- 3 Сағатты орнату үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз да, растау үшін **CLOCK/PROG** түймесін басыңыз.
↳ Минут цифрлары жыпылықтайды.
- 4 Минутты орнату үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз да, растау үшін **CLOCK/PROG** түймесін басыңыз.

4 Ойнату

Диск ойнату

- 1 CD көзін таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайталап басыңыз.
- 2 Диск бөлімін ашу үшін, **▲** түймесін басыңыз.
- 3 Дискіні жапсырма басылған жағын жоғары қаратып салыңыз, одан кейін диск бөлімін жабыңыз.
- 4 Автоматты түрде ойнатыла бастайды. Егер ойнатылмаса, **▶||** түймесін басыңыз.



Ойнатуды уақытша тоқтату/жалғастыру

- Ойнап тұрғанда ойнатуды уақытша тоқтату/жалғастыру үшін **▶||** түймесін басыңыз.

Жолға өту

CD үшін:

- Басқа тректі таңдау үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз.

MP3 дискісі және USB үшін:

- 1 Альбом не қалта таңдау үшін **PRESET/ALBUM ▲ / ▼** түймесін басыңыз.
- 2 Трек не файл таңдау үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз.

Жолда іздеу

- 1 Ойнату кезінде **◀◀ / ▶▶** түймесін басып тұрыңыз.
- 2 Қалыпты ойнатуды жалғастыру үшін босатыңыз.

Жолдарды бағдарламалау.

Ескертпе

- Ойнату тоқтатылғанда ғана тректерді бағдарламаға енгізуге болады.
- Ең көбі 20 жолға дейін бағдарламалай аласыз.

- 1 Ойнатуды тоқтату режимінде бағдарлама режимін белсендіру үшін **CLOCK/PROG** түймесін басыңыз.
↳ **[MEMORY]** (жад экранда көрсетіледі).
- 2 MP3 тректері үшін **▲ / ▼** түймесін басып, альбом таңдаңыз.
- 3 Трек таңдау үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз, сосын растау үшін **CLOCK/PROG** түймесін басыңыз.
- 4 Басқа тректерді бағдарламаға енгізу үшін 2-3 қадамдарды қайталаңыз.
- 5 Бағдарламаланған жолдарды ойнату үшін **▶||** түймесін басыңыз.
 - Бағдарламаны өшіру үшін, тоқтату позициясында **■** түймесін басыңыз.
 - 10 секунд бойы ешқандай түйме басылмаса, бағдарлама режимі автоматты түрде тоқтатады.

Ойнату ақпаратын көрсету

Ойнату кезінде **INFO** түймесін басып тұрыңыз.

- CD үшін:
 - Ағымдағы тректің айналу уақыты
 - Ағымдағы тректің айналу уақытының қалғаны
 - Барлық тректердің жалпы айналу уақыты

- Барлық тректердің жалпы айналу уақытының қалғаны
- MP3 дискісі мен USB үшін: **[TITLE]** (тақырып), **[ARTIST]** (орындаушы), **[ALBUM]** (альбом) сияқты ID3 ақпараты.

Тректерді іздеу

Тректі диск/USB ішіндегі аты немесе қалта атауы бойынша іздеуге болады.



Ескертпе

- MP3 файлдары үшін 32 - 320 кбит/сек бит жылдамдығына қолдау көрсетіледі.

CD/MP3 үшін: тақырыбы бойынша іздеу

- 1 Ойнатуды тоқтату режимінде **FIND/FILE CUT** түймесін бір рет басыңыз.
 - ↳ Трек тақырыптары әліпбилік ретпен көрсетіледі.
- 2 Қажетті трек тақырыбын әліпбилік ретпен іздеу үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз.
- 3 Таңдалған тректі ойнатуды бастау үшін **▶▶▶** түймесін басыңыз.

MP3 үшін: қалтасы бойынша іздеу

- 1 Ойнатуды тоқтату режимінде **FIND/FILE CUT** түймесін екі рет басыңыз.
 - ↳ Қалталар әліпбилік ретпен көрсетіледі.
- 2 Қалтаны таңдау үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз.
- 3 Қалтадағы барлық тректерді ойнатуды бастау үшін **▶▶▶** түймесін басыңыз.

Қайталау/еркін ойнату опцияларын таңдау

- 1 Ойнап тұрғанда қайталау опциясын немесе еркін ойнату режимін таңдау үшін **PLAY MODE/FM/ST/MO** түймесін қайталап басыңыз.
 - **↺** : ағымдағы тректі қайталау.

- **↺** **REPEAT** : ағымдағы қалтаны қайталау (MP3 дискісі үшін)
- **↺** **ALL** : барлығын қайталау
- **↺** **RAN.** : Кездейсоқ ретпен ойнату

- 2 Қалыпты ойнатуды қалпына келтіру үшін ешқандай опция көрсетілмегенге дейін **PLAY MODE/FM/ST/MO** түймесін қайталап басыңыз.


Винил жазбасын ойнату



Ескерту


- Пайдаланбас бұрын иненің қорғанышын алыңыз.
- Бір уақытта бір винил құйтабағын салыңыз.
- Құрылғы мен басқа заттардың арасында кемінде 15 см бос орын қалдырыңыз.

- 1 **PHONO/AUX** көзін таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайталап басыңыз.
- 2 Жылдамдықты таңдағышпен дұрыс жылдамдықты таңдаңыз.
 - Түрлі винил түріне байланысты 33-жылдамдықты немесе 45-жылдамдықты таңдауға болады.
- 3 Айналмалы пластинада винил жазбасын қойыңыз.
- 4 Тонармды абайлап көтеріп, жазбаға қарай жылжытыңыз.
 - ↳ Айналмалы пластина автоматты түрде айнала бастайды.
- 5 Ойнатуды басынан бастау үшін жайлап тонармды шетінен төмен қарай басыңыз.
 - ↳ Ойнату басталады.
- 6 Дыбысты қажетті деңгейге реттеңіз.
 - **AUTO STOP** (Автоматты тоқтату) **ON** (Қосулы) күйіне қойылса, ойнату аяқталғаннан кейін платформа айналдыруды автоматты түрде тоқтатады.
- 7 Тонармды қауіпсіз таянышқа салыңыз.



Ескертпе

- Сыртқы құрылғы **AUDIO IN** ұясы арқылы жалғанған кезде микро жүйе **AUX** көзіне автоматты түрде ауысады.



2 USB көзін таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайталап басыңыз.

↳ Автоматты түрде ойнатыла бастайды. Егер ойнатылмаса, **▶||** түймесін басыңыз.

- Қалта таңдау үшін **▲ / ▼** түймесін басыңыз.
- Аудио файл таңдау үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз.

USB құрылғысынан ойнату



Ескертпе

- USB жад құрылғысында ойнатылатын аудио мазмұнның бар екеніне көз жеткізіңіз.
- 32 - 320 кбит/сек бит жылдамдығы бар MP3 файлдарына қолдау көрсетіледі.
- USB ұясы USB ұзартқыш кабельдермен байланысқа қолдау көрсетілмейді және компьютермен тікелей байланысуға арналмаған.

1 USB қорғағыш қақпағын төмен қарай итеріп, USB сақтау құрылғысын **↔** ұясына салыңыз.

Bluetooth бар құрылғыдан ойнату

Микро жүйе арқылы Bluetooth құрылғысын тыңдауға болады.



Ескертпе

- Құрылғыға Bluetooth құрылғысын қоспастан бұрын, құрылғының Bluetooth мүмкіндіктерімен танысып алыңыз.
- Құрылғыны кедергі келтіруі мүмкін электрондық құрылғылардан алыс ұстаңыз.
- Құрылғы мен жұптастырылған құрылғы арасындағы тиімді жұмыс ауқымы шамамен 10 метр (30 фут) болады.
- құрылғылар арасындағы кедергі жұмыс ауқымын төмендетуі мүмкін.

- 1 BT көзін таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайталап басыңыз.
↳ Bluetooth көрсеткіші көк түсті болып жыпылықтайды.
- 2 Bluetooth құрылғысындағы Bluetooth функциясын іске қосыңыз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).
- 3 Байланыстыру үшін құрылғыдағы «PHILIPS OTT2000» үлгісін таңдаңыз.
- 4 Байланыс сәтті орнатылғаннан кейін Bluetooth индикаторы қою көк болып жанады.
- 5 Bluetooth құрылғысында музыка ойната бастаңыз.



Кеңес

- Микро жүйе Bluetooth көзінген басқа көзге ауыса, қолсыған Bluetooth құрылғысы автоматты түрде ажыратылады.
- Жүйе алдыңғы 4 қосылған Bluetooth құрылғыларын есте сақтай алады.

USB құрылғысына жазу

Аудио CD тректері, MP3 дискілері, винилді күйтабақтағы аудиожазба және Bluetooth, радио және сыртқы құрылғылардағы аудиодыбыс USB сақтау құрылғысына .mp3 пішімінде жазылады.

USB сақтау құрылғысына алғаш жазған кезде «PHILIPS OTT2000» атты қалта USB сақтау құрылғысында автоматты түрде жасалады. Жазған сайын жазылған файлдар осы қалтада сақталады.

USB құрылғысына жазу

USB сақтау құрылғысын осы құрылғының ұясына салыңыз.

- 1 Жазылатын көзді таңдаңыз.
 - Диск - диск көзін таңдап, дискіні салыңыз. Жазу басталатын тректі таңдауға болады.
 - Радио - радиостанциясын реттеніз.
 - AUX IN - Phono /Aux көзін таңдап, жалғаңыз да, сыртқы құрылғыны ойнатуды таңдаңыз.
 - Phono (ойнатқыш) - Phono /Aux көзін таңдап, винилді күйтабақты ойнатыңыз.
 - Bluetooth - Bluetooth көзін таңдап, тректі ойнатыңыз.
- 2 Жазуды бастау үшін **REC** түймесін басыңыз.
 - CD дискілерін таңдау үшін **REC** түймесін қайталап басыңыз.
 - Ⓐ **[REC_ONE]** (біреуін жазу): бірінші/ағымдағы тек жазылады.
 - Ⓑ **[REC_ALL]** (барлығын жазу): барлық тректер/қалған тректер жазылады.
 - ↳ Дискінін/Таңдалған тректің басынан бастап, дискіні ойнату автоматты түрде басталады да, жазу іске қосылады.
 - Жазып алуды тоқтату үшін ■ түймесін басыңыз.




Ескертпе

- USB сақтау құрылғысында аудиофайлдарды сақтау үшін жад жеткіліксіз болса, жадтың толғандығы туралы хабар көрсетіледі.
- CD дискісі үшін жазу процесі трек түгелдей жазылған кезде аяқталады.
- MP3 дискілері үшін **REC** түймесі басылған болса, жүйе файлдарды USB сақтау құрылғысына көшіреді.

Файлды қию

Bluetooth/AUX/PHONO/FM құрылғысынан USB сақтау құрылғысына аудио файлдарды жазғанда жазу барысында **FIND/FILE CUT** түймесін басып, файлды қиюға болады. Жаңа аудио файл жасалып, жазу жалғасады.

Файлды USB сақтау құрылғысынан жою

- 1 Ойнатуды тоқтату режимінде USB көзін таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайталап басыңыз.
- 2 **INFO/**  **DELETE** түймесін басыңыз.
↳ **DEL -- 001** дисплейде көрсетіледі.
- 3 Жойылатын файлды таңдау үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз.
- 4 Растау үшін, **DELETE** түймесін басыңыз.
 - Жою режимінен шығу үшін **■** түймесін басыңыз.

5 FM радио станцияларын тыңдау

- 1 FM көзін таңдау үшін **SOURCE** түймесін бұраңыз.
- 2 Радиостанцияларды автоматты түрде немесе қолмен іздеу.

Ескертпе

- Оңтайлы қабылдау үшін антеннаны толығымен ұзартыңыз және оның орнын реттеңіз.
- Ең көбі 20 FM радиостанциясын сақтауға болады.

Радиостанцияны автоматты түрде іздеу

- 1 **◀◀ / ▶▶** түймесін 2 секундтан артық басып тұрыңыз.
↳ Радио қабылдау деңгейі жоғары станцияға автоматты түрде реттеледі.
- 2 Басқа станцияларды реттеу үшін 1-қадамды қайталаңыз.
↳ Сигналы жоғары радиостанция анықталған кезде іздеу тоқтайды және радиостанция қосылады.

Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау

- 1 Автоматты бағдарлама режимін белсендіру үшін **CLOCK/PROG** түймесін 2 секундтан артық басыңыз.
↳ Барлық қол жетімді станциялар толқын жиілігін қабылдау сигналының күшінің ретімен бағдарламаланады.
↳ Бірінші бағдарламаланған радио станция автоматты түрде таратылады.
- 2 Алдын ала орнатылған радио станцияларды таңдау үшін **▲ / ▼** түймесін басыңыз.

Радио станцияларды қолмен бағдарламалау

- 1 Радио станцияға реттеу үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз.
- 2 Бағдарламалауды белсендіру үшін **CLOCK/PROG** түймесін басыңыз.
- 3 Осы радиостанцияға бір нөмірді тағайындау үшін **▲ / ▼** түймесін басыңыз.
- 4 Растау үшін, **CLOCK/PROG** түймесін басыңыз.
↳ Радиостанция таңдалған реттік нөмірмен сақталады.
- 5 Қосымша радиостанцияларды бағдарламалау үшін 1-4 қадамдарын қайталаңыз.

Ескертпе

- Радиостанция бұрынғы сақталған станцияның реттік нөмірімен сақталса, оның үстіне жазылады.

Сtereo/моно хабар таратуды таңдау

Сигнал деңгей нашар станциялардың қабылдау деңгейін жақсарту үшін монофоникалық дыбыс таңдалуы керек.

- Тюнер ресурсында параметр таңдау үшін **FM/ST/МО** түймесін басыңыз:
 - **[STEREO]**: стерео хабар тарату.
 - **[MONO]**: моно хабар тарату.

6 Сыртқы құрылғыны тыңдау

Сондай-ақ, осы өнім арқылы сыртқы дыбыстық құрылғыны, мысалы, MP3 ойнатқышын тыңдауға болады.

- 1** **PHONO/AUX** режимін таңдау үшін **SOURCE** түймесін бұраңыз.
- 2** Дыбыс кірісі кабелін
 - өнімнің алдыңғы тақтасындағы **AUDIO IN** ұяшығына және
 - сыртқы құрылғыдағы құлақаспап ұяшығына жалғаңыз.
- 3** Сыртқы құрылғыны ойнату (оның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

7 Басқа мүмкіндіктер

Ұйқы таймерін орнату

Осы микродыбыс жүйесі орнатылған уақыттан кейін күту режиміне автоматты түрде ауысады.

- Микро жүйе қосылғанда, белгіленген уақыт кезеңін (минут) таңдау үшін **SLEEP/TIMER** түймесін қайталап басыңыз.
 - [SLEEP -- 90] (ұйқы таймері -- 90)
 - [SLEEP -- 75] (ұйқы таймері -- 75)
 - [SLEEP -- 60] (ұйқы таймері -- 60)
 - [SLEEP -- 45] (ұйқы таймері -- 45)
 - [SLEEP -- 30] (ұйқы таймері -- 30)
 - [SLEEP -- 15] (ұйқы таймері -- 15)
 - [OFF] (өшіру)
- ↳ Ұйқы таймері іске қосылғанда, [SLEEP] көрсетіледі.

Ұйқы таймерін өшіру үшін

- [SLEEP OFF] (ұйқы таймері өшірулі) дисплейге шыққанша **SLEEP/TIMER** түймесін қайталап басыңыз.
- ↳ Ұйқы таймері өшірілгенде [SLEEP] өшіп қалады.

Оятқыш таймерін орнату

Бұл микро жүйені оятқыш ретінде пайдалануға болады. Алдын ала орнатылған уақытта ойнату үшін диск, USB немесе тюнер белсендіріледі.

- 1 Құрылғыны күту режиміне шығару үшін ϕ түймесін басыңыз.
- 2 Сағаттың дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.
- 3 **SLEEP/TIMER** түймесін басып тұрыңыз.
↳ Ресурс таңдау туралы кеңес шығады.

- 4 Келесі көздерді таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайталап басыңыз: CD, USB немесе FM.
- 5 Рауау үшін, **SLEEP/TIMER** түймесін басыңыз.
↳ Сағат сандары жыпылықтай бастайды.
- 6 Сағатты орнату үшін \lll / \ggg түймесін басыңыз.
- 7 Рауау үшін, **SLEEP/TIMER** түймесін басыңыз.
↳ Минут сандары жыпылықтай бастайды.
- 8 Минутты орнату үшін \lll / \ggg түймесін басыңыз.
- 9 Рауау үшін, **SLEEP/TIMER** түймесін басыңыз.
↳ Таймер қойылып іске қосылады.

Оятар таймерін іске қосу/өшіру

- 1 Микро жүйені күту режиміне ауыстыру үшін ϕ түймесін басыңыз.
- 2 Таймерді іске қосу немесе өшіру үшін **SLEEP/TIMER** түймесін қайталап басыңыз.
↳ Таймер іске қосылса, дисплей ⏰ көрсетеді.
↳ Таймер белсендірілмесе, ⏰ дисплейде көрсетілмейді.

Ескертпе

- Егер DISC/USB көзі таңдалып, тректі ойнату мүмкін болмаса, тюнер автоматты түрде іске қосылады.
- Сигнал көзі белсендірілгеннен кейін 30 минут ішінде ешбір әрекет орындалмаса, микродыбыс жүйесі күту режиміне автоматты түрде ауысады.

Дыбыс деңгейін реттеу

Дыбыс деңгейін арттыру/азайту үшін **VOLUME** түймесін бұраңыз.

8 Өнім туралы ақпарат



Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Жалпы ақпарат

АТ қуатының деңгейі	220 - 240 В~, 50 Гц
Жұмыс үшін қуат тұтынуы	16 Вт
Күту режимінде қуатты тұтынуы	< 1 Вт
Мөлшері - Негізгі құрылғы (Е x Б x К)	335 x 311 x 169 мм
Салмағы (негізгі құрылғы)	2,5 кг

Тюнер

Реттеу ауқымы	FM: 87,50 - 108,00 МГц;
Реттеу торы	50 кГц
Гармоникалық мазмұн	< 2%
Сигнал-шу арақатынасы	>50 дБ
Алдын ала орнатылған радиостанциялардың саны	20

Винил

Қолдау көрсетілетін винил өлшемі	7 дюйм 12 дюйм
Жылдамдық	33/45

Күшейткіш

Номиналды шығыс қуаты	1,5 Вт x 2 RMS
Жилік жауабы	60 Гц - 16 кГц; ±3 дБ
Сигнал-шу арақатынасы	> 65 дБ
Қосымша кіріс	0,5 В RMS 20 кОм

Динамиктер

Үндеткіштің номиналды қарсылығы	4 Ом
Үндеткіш драйвері	2 X 3" толық ауқым
Сезімталдық	84 дБ/Вт

Bluetooth

Байланыс жүйесі	Bluetooth стандартының 2.1 нұсқасы
Шығысы	Bluetooth 2 стандартты қуат сыныбы
Ең үлкен байланыс ауқымы	Шамамен көру аясы 10 м (30 фут)
Жилік жолағы	2,4 ГГц диапазоны (2,4000 ГГц - 2,4835 ГГц)
Үйлесімді Bluetooth профильдері	Кеңейтілген дыбысты тарату профілі (A2DP)
Қолдау көрсетілетін кодектер - Қабылдау - Тарату	SBC (ішкі диапазон кодекі) Қолдау көрсетілмейді

USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер

Үйлесімді USB құрылғылары:

- USB еске сақтау құрылғысы (USB 1.1 and USB 2.0)
- USB еске сақтау ойнатқыштары (USB 1.1 and USB 2.0)
- жад карталары (осы құрылғымен жұмыс істеу үшін қосымша карта оқу құралдары қажет)

Қолданылатын пішімдер:

- USB немесе жад файлы пішімі: FAT12, FAT16, FAT32 (сектор өлшемі: 512 байт)
- MP3 арналған бит жылдамдығы (деректерді жеткізу жылдамдығы): 32-320 кбит/с және өзгертпелі бит жылдамдығы
- 8 деңгейге дейін енгізулері бар каталогтар
- Альбомдар/ қалталар саны: ең көбі 99
- Жолдар/жазылымдар саны: ең көбі 999
- ID3 тегі v2.0 - v2.3
- Unicode UTF8 форматындағы файл атауы (максималды ұзындығы: 16 байт)

Қолдау көрсетілетін MP3 дис форматтары

- ISO9660, Joliet
- Максималды тақырып атауы: 999 (файл атауының ұзындығына байланысты)
- Максималды альбом атауы: 99
- Қолдау көрсетілетін үлгі жиіліктері: 32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц
- Қолдау көрсетілетін бит жылдамдықтары: 32~320 (кбит/сек), ауыспалы бит жылдамдықтары

9 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Өнімнің сыртқы қабатын алуға болмайды.

Кепілдік жарамдылығын сақтау үшін өнімді ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасаманыз. Бұл өнімді пайдалану кезінде мәселелер орын алса, қызмет көрсету орталығынан сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, өнімнің жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Жалпы ақпарат

Қуат жоқ

- АТ қуат сымы дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.
- АТ розеткасында қуаттың бар екендігін тексеріңіз.

Дыбыс жоқ

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Сыртқы құрылғыны тыңдау кезінде сыртқы құрылғының дыбысы өшірілмегенін тексеріңіз.

Өнімнен жауап жоқ

- Қуат қол жетімді екенін тексеріңіз.
- Өнімді өшіріңіз де, қайтадан қосыңыз.

Нашар радио сигналын қабылдау

- Басқа электр құрылғылардан болатын кедергіге немесе ғимарат кедергілеріне байланысты сигналдар әлсіз болып қалады. Өнімді кедергі жоқ орынға жылжытыңыз.

- Антенна толығымен ұзартылғанын тексеріңіз. Антеннаның орнын реттеңіз.
- Сағат/дабыл параметрі өшіріледі.**
- Қуат үзілген немесе АТ қуат адаптері ажыратылған.
 - Сағатты/дабылды қайта орнатыңыз.

Bluetooth қосылымы туралы

Тіпті Bluetooth қосылымы сәтті орнағаннан кейін де осы өнімде музыка ойнату мүмкін емес.

- Құрылғыны осы өніммен музыка ойнату үшін пайдалану мүмкін емес.

Bluetooth функциясы қосылған құрылғымен байланыс орнағаннан кейін дыбыс сапасы нашар.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы өнімге жақын орналастырыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.

Осы өнімге қосылу мүмкін емес.

- Құрылғы бұл өнімге қажетті профильдерді қолдамайды.
- Құрылғының Bluetooth функциясы қосылмаған. Бұл функцияны қосу әдісі туралы анықтама алу үшін құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Бұл өнім жұптастыру режимінде емес.
- Бұл өнім басқа Bluetooth функциясын қолдайтын құрылғымен қосылып қойылған. Бұл құрылғыны ажыратып, әрекетті қайталаңыз.
- Құрылғыны қайта іске қосу не қайта байланыс орнату мақсатында Bluetooth көзіне ауысу үшін Φ түймесін басыңыз.

Жұптасқан мобильді құрылғы тұрақты қосылып ажырайды.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы өнімге жақын орналастырыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.
- Қоңырау шалғанда немесе аяқтағанда, кейбір ұялы телефондар үнемі қосылып ажырауы мүмкін. Бұл осы өнімнің бұзылғанын білдірмейді.
- Кейбір құрылғыларда Bluetooth байланысы қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде автоматты түрде өшуі мүмкін. Бұл осы өнімнің бұзылғанын білдірмейді.

10 Ескерту

WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Сәйкестік

CE 0890 EAC

Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай. Осы құжат арқылы WOOX Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support сайтынан табуыңызға болады.



Бұл қос изоляциясы бар және қорғағыш жерге қосу қамтамасыз етілмеген II СЫНЫПТЫ жабдық.

Өнім күтімі

- Диск бөлігіне дискіден өзге ешнәрсе салуға болмайды.
- Диск бөлігіне майысқан немесе жарылған дискілерді салуға болмайды.
- Егер өнімді ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, диск бөлімінен дискілерді алып тастаңыз.
- Өнімді тек микроталшықты шүберектермен тазалаңыз.

Қоршаған ортаны күту



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымдың Еуропалық 2002/96/EC нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/EC Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

Өнімде көрсетілген тауар белгісі

Bluetooth

Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және мұндай белгілерді WOOX Innovations компаниясы әрдайым лицензияға сәйкес пайдаланады.

Авторлық құқықтары

2013 © WOOX Innovations Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі. WOOX кез келген уақытта бұрынғы жеткізілген жабдықтарды тиісінше реттеу міндетінсіз өнімдерді өзгерту құқығын өзінде қалдырады.



Specifications are subject to change without notice
2013 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved.
This product was brought to the market by WOOX
Innovations Limited or one of its affiliates, further referred
to in this document as WOOX Innovations, and is the
manufacturer of the product. WOOX Innovations is the
warrantor in relation to the product with which this booklet
was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem are
registered trademarks of Koninklijke Philips N.V.

